

## 1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі іс-қимыл Жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 қаулысының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары (бұдан әрі - Жоспар) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық атқарушы органдар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Жоспарда айқындалған нормативтік құқықтық актілердің уақтылы және сапалы әзірленуін қамтамасыз етсін және оның орындалуы жөніндегі ақпаратты есепті айдан кейінгі 5-ші күннен кешіктірмей ай сайын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Жоспарды жүзеге асыру және оның жекелеген ережелерін нақтылау жөніндегі үйлестіруші орган болып белгіленсін және оған қажет болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы мәселе бойынша ұсыныстар енгізу құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің қатысуымен 1996-1998 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Президентіне баяндама жобасын тоқсан сайын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы олардың функциялық міндеттері айқындалғаннан кейін Жоспар шараларының атқарылуына құрылымдық бөлімшелердің бақылауын бекітсін.

6. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Приложение к постановлению Правительства Республики Казахстан  
от 13 декабря 1996 года N 1533

"Индикативный план социально-экономического развития  
Республики Казахстан на 1997 год"

*(Қосымшаның ресми аудармасы жоқ, орысша мәтіннен қараңыз)*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК